

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Менің Отаным - Қазақстан

ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.10.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/165196/

Менің Отанымыз — Қазақстан . Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет . Елімізде әрбір адам өз пікірін айта алады . Жалпы мені болашақта өзім және менің ұрпақтарым өмір сүретін аймақ туралы көп толғанамын . Менің арманымдағы Қазақстан экологияда да , ғылымда да жоғары деңгейде болуы шарт . Болашаққа мен үмітпен әрі жылулықпен қараймын . Бірақ қазіргі Қазақстанды жаман жағдайда деп айта алмаймын . Біздің еліміз еңселі елу елдің қатарына кірді . Ендігі мақсат - мемлекетімізді дамыған отыз елдің қатарынан көру . Ол үшін Қазақстан аянбай еңбек етуі керек . Сонда ғана біз өз еңбегіміздің жемісін көре аламыз . Қазақстан Тәуелсіздігін 1991 жылы алды . Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлының арқасында қол жеткізген болатын . Елбасының арқасында өз тіліміз , өз валютамыз , Ата заңымыз туралы бірнеше заңдарды қабылдап , оларды іс жүзінде қолдана бастадық . Бұл қасиетті тәуелсіздіктің арқасы .

« Қазақстанның бүкіл тарихы - бірігу , тұтастану тарихы » деп елбасы халқымыз үшін бірліктің , татулықтың маңызды екенін ұғындырғысы келді . Біз бірліктік ел болдық . Ал , сол қазір бірліктің нәтижесін көріп отырмыз . Мысалы дәл қазіргі сәтте елімізде « ЭКСПО-2017» көрмесі болып өтті . Бұл көрме еліміз үшін абырой .

Қорытындылай келгенде қиялымдағы , яғни арманымдағы Қазақстан қазіргіден басқашалау . Сонымен , менің арманымдағы Қазақстанды білгіңіз

келсе , төмендегі толғанасыма көз салыңыз .

Халық саны қазіргіден едәуір көп . Қазақстанда тұратын барлық адамдар , қазақ болсын немесе басқа ұлт өкілдерінің барлығы қазақ тілінде еркін сөйлей алсын . Әрбір азаматымыз – Отансүйгіш . Елдің қамын Кенесары секілді қорғай білетін , әкелері балаларын Құнанбай секілді тәрбиелейтін , ақын Бұқар мен Абайша күңірене білетін айбынды ұлт болуымыз қажет.

## Рубрика “Сөз маржан” Collaboration\_Fest

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.